Терминжасамның синтаксистік (аналитикалық), лексикосемантикалық немесе терминдену тәсілі. Калькалау – терминжасамның бір тәсілі ретінде. Үлттық термин қорымында аналитикалық жолмен жасалған терминдер өте мол. Соған қарамастан, қазақ тіл білімінде терминжасамның синтаксистік тәсілі, бұл тәсіл арқылы жасалған терминдердің тілдік табиғаты әлі арнайы зерттеле қоймаған, жекелеген ғылыми еңбектер мен мақалалардағанда сөз болып жүрген мәселелерінің бірі. Терминологиялық лексикамыздың қомақты бөлігін екі, үш немесе одан да көп сыңарлы терминдердің құрайтынын ескерсек, терминжасамның бұл тәсілін арнайы қарастырудың, жан-жақты зерттеудің мәні зор екендігі сөзсіз. Аналитикалық тәсіл ретінде қарастырылып жүрген сөзжасам амалдары жөніндегі осы саланы арнайы зерттеп жүрген ғалымдарымыздың пікірлері әр уақытта сәйкесе бермейді. Оны белгілі тілші ғалымдардың мына төмендегі жазғандары анық көрсетеді. Тілдегі тілдік процестегі себепсалдарлық құбылыс, байланыстарға мән бере бермегендіктен кейде сөзжасамның бұл тәсіліне біріккен, кірікken сөздер, қосарланған, қайталанған сөздер тіркесті (курделі) сөздер жатқызылады. Бұлар яғни, біріккен (кірікken) сөздер, қос сөздер, тіркещен сөздер сөзжасам тәсілі емес, сол сөзжасам тәсілі (аналитикалық немесе синтаксистік) негізінде пайда болған нәтиже яғни жаңа туындылар, олар біріктіру процесі арқылы қосарлау я қайталау, тіркестіру нәтижесінде туған тілдік единицалар. Сондықтан бұл екі түрлі тілдік құбылысты бір-бірімен шатастыруға болмайды. Соған қарамастан грамматикаларда бұлар курделі сөздер және оның түрлері ретінде – деп жазды тілші ғалым С.Исаев. Жуырда 2002 жылы тіл білімі институты шығарған көлемді еңбектің бір саналатын «Қазақ грамматикасы» авторлары – «Біріккен сөздер дүние жүзіндегі тілдерге өте кең тараған. Олардың аналитикалық тәсіл арқылы жасалатыны да ғылымда әбден танылған» және «қос сөздер тілдің аналитикалық тәсілінің қосарлама тәсілі арқылы жасалады» – деп жазады. Бұл еңбектің сөзжасам бөлігін жазған тілші –морфолог ғалым Н.Оралбаева. Көріп отырғанымыздай, сөзжасам мәселелерін арнайы зерттеген белгілі тілші ғалымдардың пікірлері бір арнаға тоғыса бермейді. Тіл білімінде бұл мәселе әлі де жан-жақты зерттеліп, ғалымдар бір ортақ пікірге келе жатыр. «Қазақ грамматикасы» авторлар ұжымы жазған, А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі итститутының ғылыми кеңесі ұсынған академиялық еңбек болғандықтан 1)сөзқосым, 2)қосарлау, 3) тіркестіру, 4)қысқарту тәсілдерін біз осы негізде аналитикалық тәсілдің құрамында қарастырып, болашақ филологтар мен сала мамандарына ұсынып отырмыз. Терминтанушылар әр түрлі еуропа тілдері терминологиясының 60%-дан 95%-на дейін осы тәсілмен жасалған терминдер көп болатынын атап көрсетіп жүр. 70 жылдары жазылған М.И.Макованаң ғылыми мақаласында ағылышын тіліндегі сөздердің тіркесуі арқылы жасалған терминдер терминологияның 70 пайызын құрайтынын көрсетсе, З.М.Осипенко кандидаттық диссертациясында орыс терминологиясындағы тіркесті терминдер терминқордың 62-77 пайызын құрайды деп көрсетеді. В.Н.Прохорованаң да орыс тіліндегі синтаксистік жолмен жасалған терминдер туралы пікірі осы алдыңғы ғалымның тұжырымын растай түседі. Ол «Терминжасамда синтаксистік тәсіл өте белсенді түрде жұмсалады. Орыс тіліндегі термин жасаудың бұл дәстүрлі тәсілі қазір де ең өнімді тәсілдердің бірі болып табылады» – деп көрсетеді. Бұл тәсіл қазақ тілінде де өнімділігімен ерекшеленеді. Олай болуының себептері арнайы зерттеуді қажет етеді. Алайда кейбір себептері туралы қазірдің өзінде айтуға болады деп ойлаймыз. Бір себебі – біздің терминологиялық лексикамыздың құрамындағы көп компонентті терминдердің басым бөлігі орыс тілінен тікелей аударылып алынған. Оған кез келген арнаулы саланың терминологиясынан мысал келтіруге болады. Терминологияда бір арнаулы ұғымның екіншісімен түрлі байланысын көрсететін, тегі бір ұғымдардың түрлерін білдіретін атаулар жиі ұшырасады. Әдетте ондай атауларды бір сөзбен беру оңай бола бермейді. Сондықтан екінші бір себебі - түр атаулары болып келетін терминдер, логикалық жүйеге сәйкес ұғым мазмұнын дәл беру мақсатымен көп сыңарлы болады. Тек темминологияда емес қазақтың жалпыхалықтық тілінде де сөзтіркесімнің өнімді тәсіл болғандығын сөзжасам

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-241
Әдістемелік өндеу	104 беттің 18 беті

саласын зерттеген тіл мамандары атап көрсетеді. «Сөзтіркесім – жаңа сөз жасаудың ең өнімді жолы. Қазақ тілінде зат немесе құбылыстың атын тіркестіріп атау жиі ұшырайды. Бұл сөздер аталым дәрежесіне жеткен сөздер. Егер сөз тіркесі лексикалық тұтастыққа айналып, аталым дәрежесіне ие болса сөз тіркесі қызметтің тоқтадады. Мұндағы басты қасиет – ұғымның атауы дәрежесіне жетуі». Біздін терминологиялық лексикамыздағы сөздердің тіркесі арқылы жасалған терминдердің үлес – салмағы әзірге статистикалық түрғыдан дәл көрсетілген емес. Дегенмен кейбір арнаулы салалардың терминдер жүйесін зерттеген еңбектердің нәтижесіне қарағанда қазақ терминологиясында да көп сынарлы терминдердің 60 пайызын (ең кем дегенде) аз болмайтыны байқалады. Ендеше мұндай өнімді тәсілдің лингвистикалық табиғатын арнайы зерттеп, термин шығармашылығында тиімді пайдаланудың қажеттігі күмән туғызбайды. Солай бола тұrsa да, бұл мәселенің әлі басы ашылмаған, аражігі ажыратылмаған қырлары жеткілікті. Жалпы қазақ терминологиясында ең аз зерттелген мәселенің бірі осы көп сынарлы терминдердің тілдік табиғаты. Тілші ғалымдар мен терминтанушылардың бірнеше сөздің тіркесі арқылы жасалған терминдер туралы пікірлерінің өзі бір арнаға тоғыспайды. Бірқатар ғалымдар терминдердің көп сынарлы болуы терминнің ықшамдылығы, қысқалығы талабына қайшы десе, екіншілері мұндай терминдер ұғым мазмұнын дәл береді деген пікір білдіреді. Мәселен, белгілі түрколог ғалым К.Мұсаев «Термин жасауда күрделі терминдердің сынарларының (компонент) артуы жалпы үрдісі байқалады. Бұл үрдіс терминнің қысқалығы қағидатына қайшы келеді және тілдік практикада қыындықтар туғызады» - дейді. Бұл пікірмен келісе бермейтін мәселенің екінші қырына назар аудару қажет дейтін пікірдің бірін «Жалпы термионология» атты монографиядан кездестіруге болады. «Сипаттама терминдерден арыламыз немесе қандай да бір жолдармен олардың санын кемітеміз деу мүлде дұрыс емес деп санаймыз. Егер термин жасалып, қолданылып жүрген болса, оны алмастыру – ол белгілейтін таңбаланушыны «қайта атау» болып табылады. Ал мұндай әрекет ғылыми және техникалық ойлау жұмыстарын жақсартпайтыны белгілі». Екі түрлі пікір айтқан ғалымдардың бірі – терминнің ықшам, қысқа болуы керек деген талапты басшылыққа алса, екіншісі – терминнің ұғым мазмұнын қамтуды, мағынасының дәлдігін ескерген. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі атты ұжымдық монографияның авторлары аналитикалық тәсілдің ішкі түрлерін атап көрсетіп, олардың әрқайсысына анықтамалар берген. Төмендегі аналитикалық тәсілдің жіктелуі мен анықтамалар осы еңбек бойынша беріліп отыр. Олар: 1) сөзқосым, 2) қосарлау, 3) тіркестіру, 4) қысқарту. Сөзқосым тәсілі арқылы біріккен, кіріккен атаулар жасалады. Ондай атаулар қазақ тілінде көптеп саналады . «Біріккен сөз дегеніміз – жеке-дара 15 сөздердің өзара шоғырлана тұтасуынан жасалған дербес лексикаграмматикалық мағыналары бар туынды сөздер». Екі я онан да көп түбір сөздер біртұтас дыбыстық құрамға қосылып, бір лексикалық мағына беріп, бір ұғымды білдіріп, бір лексикалық единица жасайды. Мысалы, еңбекақы, ақсазан, зейнетакы, гүлсерік, бессайыс, елтаңба, әнұран, әуежай, бағдарлама, жеделхат, жанқүйер, желкерме (парашют), қолжазба, қолхат, мұражай, сусабын (шампунь), дәйексөз (цитата), оққағар (телеохранитель), т.б. сөздер осы сөзқосым (словосложение) тәсілімен жасалған. Екі сөздің бірігу нәтижесінде іштей морфемалық, дыбыстық өзгерістерге ұшырап, әбден жымдасып, тұтасып кеткен біріккен сөз түрін кіріккен сөз дейді. Мысалы, білеziк, қарлығаш, сексен, тоқсан т.б. Сөздерді қосарлау арқылы сөз жасау қазақ тілінде бұрыннан бар тәсіл. Қос сөздер тілде екі сөздің қосарлануы арқылы және бір сөздің қайталануы арқылы жасалады. Соған сәйкес олар қосарлама қос сөздер және қайталама қос сөздер деп екіге болінеді. Бұл тәсіл терминжасамда да едәуір пайдаланып жүр. Оған осы тәсілмен жасалған төмендегідей терминдер мысал бола алады. Мәселен, оқ-дәрі (порох), сауда-саттық (торг), тепетеңдік (паритет), керек-жарап (принадлежность), келісім-шарт (контракт), қарама-қайшылық (противоречие), құрал-сайман (инвентарь), алым-салық (дань), шағым-талап (рекламация), кару-жарақ (вооружение), сана-сезім (сознание), көші-қон (миграция) т.б. Тіркесті құрделі атаулар – екі немесе

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-241
Әдістемелік өндеу	104 беттің 19 беті

одан да көп сөзден тұратын, әр сыңары бөлек жазылатын құрделі сөздердің түрі. Көп сыңарлы термин атаулары терминтану саласындағы еңбектерде терминологиялық сөз тіркесі деп те атайды. «Терминологиялық сөз тіркесі – бұл арнаулы кәсіптік ұғымның атауы қызметін атқаратын екі (немесе бірнеше) толық мағыналы сөздердің мағыналық және грамматикалық бірлігі». Терминологиялық лексика құрамындағы көп құрамды терминдердің едәуір бөлігі атаулық тіркестер мен құрделі сөздер болып келеді. Кейінгі жылдары бөлек жазылатын құрделі сөздер мен атаулық (номинативті) тіркестерді құрылымы жағынан тең дәрежедегі тілдік бірліктер ретінде тану қажет дейтін көзқарас басымдыққа ие болады. Атаулық (номинативті) тіркестер – бір жағынан еркін тіркестер, яғни сөз тіркестерімен, екінші жағынан, біріккен, кіріккен, сондай-ақ құрделі сөздер аралығындағы тіркестер, басқаша айтқанда, тұрақталған атаулар, сондықтан да бұлар сөз тіркесінің қатарына жатпайды. Бұл тәрізді тіркестер ғасырлар бойы қолданудың барысында синтаксистік қатынасы жағынан солғындалап, бір заттың (ұғымның) атауы ретінде тұрақталған». Галымдар лексикалық бірлік ретінде орныққан мұндай тіркестерді сөз тіркесі деп тану дұрыс емес, оларды құрделі атау деп білу керек деген пікір айтады. Мысалы, ауыз су, ақ орда, ас тұзы, асық жілік, ортан жілік, кәрі жілік, бел омыртқа, кіндік шеше, өгей шеше, қүрек тіс, азу тіс, қарын бөле, 16 мүшел жас, қүйеу бала, тоқ ішек, ақ түйіршік, азат жол, гарыш айлағы сияқты атауларды сол қатарға жатқызуға болады. Терминологиялық сөз тіркестерінің бәрін тіркесті құрделі атаулар деу қыын. Олардың арасында сөз тіркесі түрінде келетін, төрт, бес немесе одан да көп сөзден тұратын терминдер бар. Сондықтан тіркесті құрделі атаулар мен терминологиялық тіркес деп аталағы жүрген терминдерді арнайы зертте, олардың өзіндік ерекшеліктері мен ортақ қырларын анықтаудың маңызы зор. Сөз тіркестерін есімді тіркестер, етістікті тіркестер деп, септік жалғауларапының қатысуына қарай – барыс жалғаулы, табыс жалғаулы, жатыс жалғаулы, шығыс жалғаулы, көмектес жалғаулы сөз тіркестері деп, ал байланысуы жолдарына қарай – қабыса байланысқан матаса байланысқан, меңгеріле байланысқан сөз тіркестері деп жүктеу дәстүрі бар. Қысқарту немесе қысқарым (аббревиация) тәсілі. Тілдегі ықшамдау занылышына байланысты сөздерді қысқартып алу қазақ тілінде ертеден бар тәсіл. Тілші ғалымдар кеңес дәуіріне дейін кісі аттары Бекмұхамбет - Беке, Сәрсенғали - Саке, Айнагұл- Айнаш т.б. қысқартылып алынғанын атап көрсетіп жүр. Ал кеңес дәуірінде көбінесе мекеме атаулары қысқартылып алынған. Қысқарған сөздердің барлығы да сөз табы ретінде тек зат есімге жатады. Қысқарған сөздер жасалу жолына қарай төрт топқа бөлінеді. 1. Дыбыстық я әріптік қысқарымдардан жасалған зат есімдер. ТМД (Тәуелсіз мемлекеттер достасығы), БАҚ (Бұқаралық ақпарат құралдары), АҚШ (Америка Құрама штаттары), БҮҮ (Біріккен Ұлттар Ұйымы ) т.б. 2. Буындық я бөлімдік қысқарымдардан жасалған зат есімдер Қалатком, кеңшар (кеңестік шаруашылық), Ономком т.б. 3. Дыбыстық, әріптік және буындық қысқарымдардан жасалған зат есімдер. Қаз МУ, ҚазАГА ( қазақтың ақпарат агентігі). 4. Буындық я бөліктік қысқарым мен тұтас сөз бірікпесінен жасалған зат есімдер. Мемтерминком, ҚазАқпарат, Қазақтелеком, Мембаспаком, ҚазмұнайГаз, Еуроазия (Европа - Азия), Меммүлік т.б. Қысқартудың бұл түрін аралас қысқартулар деп те атайды. Қысқарған сөздерді қазақ тілінің өз табиғатына етene құбылыс деген пікірлер бар. Алайда соңғы кезде сөз қысқартуды сөзжасам тәсілі ретінде ал қысқарған сөздерді лексикалық бірлік ретінде танушылар көбейіп келеді. Оның себебі былай деп түсіндіріледі: «Қысқарған сөздер құрделі толық атаудың бір варианты ретінде дербес сөз қызметін атқарады. Сөзге қойылатын барлық талапқа жауап береді. Қысқарған сөздердің белгілі мағынасы бар тілдегі дайын сөз, сөйлемге дайын сөз ретінде кіреді, сөйлемде бір сұракқа жауап береді, бір құрамда қолданылады яғни құрамы тұрақты, біртұтас қалпында жазылады, айтылады.

**Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.**

**Жаңа тақырынты бекіту: 10 мин.**

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

**Сабакты қорытындылау: 10 мин.**

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-241
Әдістемелік өндөу	104 беттің 20 беті

## 5.6. Әдебиет.

**Негізгі:**

1. . Сәлім, Е. Қ. Қазақ тілі [Электронный ресурс] : техникалық және кәсіби білім беретін орта арнаулы оқу орындырының барлық мамандықтарына арналған оқу құралы / Е. Қ. Сәлім.
2. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
3. Сәлім, Е. Қ. Жоғары кәсіби қазақ тілі: оқу құралы. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 150 бет
4. Амангельді, А. А. Кәсіби қазақ тілі [Мәтін] : оқулық / А. А. Амангельді. - Алматы : New book, 2022. - 224 бет.
5. Сәлім Е. Қ. Жоғары кәсіби қазақ тілі : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім, Ф. Д. Оразымбетова, Г. Т. Тастанбекова. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2023. - 150 б.
6. Кәсіби қазақ тілі Калиева Е.Т., Даляева Е.Е. , 2015 Калиева Е.Т., /ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>
7. Кәсіби қазақ тілі Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. , 2019 Кемелхан Д.Ж /ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>
8. Кәсіби қазақ (орыс) тілі : Оқу-әдістемелік кешен . / Құраст. З.Қ. Молдахметова . - Қостанай: А. Байтурсынов атындағы ҚМУ, 2013. - 62 б . З.Қ. Молдахметова /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

**Қосымша:**

1. Тұрысбекова, А. Е. Кәсіби қазақ тілі [Мәтін] : оқу-әдістемелік құрал / А. Е. Тұрысбекова, Б. О. Оразова. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 120 бет. С
2. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / сөздік ; құраст., Ш. Құрманбайұлы[және т.б.]. - Нұр-Сұлтан : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 596 бет.
3. Кемелхан, Д. Ж. Кәсіби қазақ тілі : оқу- әдістемелік құрал / Д. Ж. Кемелхан, А. Т. Абдуллабекова. - Қарағанды : АҚНҮР, 2016. - 155 бет.

**Үйге тапсырма беру:** 5 мин.

**5.7. Бақылау:** ауызша сұрақ жауап

1. Терминологияны реттеу жұмыстарына қандай мамандардың қатысуы міндетті болып есептеледі?
2. Терминологияны реттеудегі нормалау жұмысының неше түрін кездестіруге болады?
3. Арнайыландыру (специализация) дегеніміз не?
4. Терминдерді жүйелеу дегеніміз не?
5. Терминологияны лингвистикалық реттеу мақсаты үшін неше қызметті орындау маңызды болып есептеледі?
6. Терминологиялық реттеу жұмысының кезеңдерін атаңыз?
7. Бөгде сөздер және оның түрлері.

## № 7 сабак

**5.1.Лексикалық тақырып:** Терминжасамның лексика – семантикалық немесе терминдену тәсілі.

**Грамматикалық тақырып:** Сөйлем мүшелері.

**Сағат саны:** 2 сағат 90 мин.

**5.2. Мақсаты:** терминдердің жасалуын түсіндіру, морфологиялық тәсілмен жасалған терминдердің мағынасын ашу, тіркесу арқылы жасалған фармацевтикалық терминдермен, калькалау тәсілі арқылы жасалған термин үлгілермен таныстыру, теориялық білімдерін практикамен ұштастыру, терминдерді дұрыс қолдану дағдыларын қалыптастыру

**5.3. Оқыту мақсаттары:** Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Фармацевтикалық терминдерді тілдік нормаларға сай қолдануға баулу; халықаралық терминдердің

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-241
Әдістемелік өндеу	104 беттің 21 беті

маңыздылығын түсіндіру; фармацевтикаға қатыстынегізгі атауларды есте сақтауға дағдыландыру.

**Үйимдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

**Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру:** 15 мин.

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 30 мин.

#### 5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

- Терминдердің морфологиялық тәсіл арқылы жасалу жолын түсіндіретін сыйба (схема) әзірленіз.
- Тәсілдің теориялық мәселелерін қамтып, презентация әзірленіз.
- Фармацевтикалық оқулықтардан синтетикалық тәсіл арқылы жасалған сөздердің сөзжасамдық тізбекке жинақтап, кеспе қағаздарын әзірлеу.

#### 5.5. Оқу және оқытудың әдістері: презентация

Презентация студенттерге слайдтар, қағазда үлестірілетін материалдар, компьютер экранда анимациялық көріністерді бейнелеуге, дайындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар тақырыптарды еркін меңгеруге көмектеседі.

#### Терминжасамның морфологиялық (синтетикалық) тәсілі

Қазақ тіліндегі сөзжасамның тәсілдері мен жілдары ішіндегі ең өнімділерінің бірі – қосымшалар арқылы сөз жасау тәсілі деп саналады. Сөзжасамның бұл түрін тіл білімінде синтетикалық тәсіл немесе морфологиялық тәсіл деп атайды. Жалпы жалғамалы тілдерде морфологиялық тәсіл туынды сөздерді жасаудың ең негізгі, өнімді тәсілдерінің қатарына кіреді. Бұл тәсіл арқылы туындастырылған сөздер екі тілдік бірліктің қатысуымен жасалады. Олар лексикалық мағыналы сөз және сөзжасамдық жүрнақ . Басқаша былай өрнектеп көрсетуге болады:

1	2	3
<b>Лексикалық мағыналы сөз сөзжасамдық жүрнақ = туынды сөз</b>		

Тіліміздің сөз тудыруши жүрнақтарының толық лексикалық мағынасы бар сөздерге жалғану арқылы жасалған атау сөздер, ғылым мен техниканың түрлі салаларының терминдері сол ұғымдар жүйесінің өзара ішкі байланысын, жүйелік ерекшеліктерін көрсетіп түрүү үшін туынды терминдердің тұлғасы да белгілі бір үлгімен жасалуы тиіс.

Арнаулы салалардың терминдері ұлт тілінде түрлі сөзжасамдық үлгімен жасалып, олар бір сөзжасамдық түр (сөзжасамдық тип) құрап тұрса, онда терминологиялық лексиканың жүйелілігі арта түсере анық. Ғылым мен техниканың әр саласының терминдерін ұғымдар жүйесінің ерекшеліктерін, ішкі байланысын логикалық тұрғыдан ескере отырып, олардың атауларын бірнеше сөзжасамдық типпен жасау орныksa, онда бұкіл терминологиялық лексиканы тілдік тұрғыдан жүйелеуге де негіз қаланады.

Бір сөзжасамдың түрге бірнеше сөзжасамдық үлгі кіре алатын болғандықтан, термин жасау барысында туынды терминдердің жасалу үлгілерін анықтау арқылы сөзжасамдық түрдің ішкі құрылымын да айқындаپ, термин шығармашылығында соны ескеріп отыру да маңызды.

**Сөзжасамдық үлгі** дегеніміз – туынды сөздердің нақты жасалу үлгісі. **Сөзжасамдық жұп** – туынды сөздің жасалуына негіз болатын сөз берін одан жасалған туынды сөзден тұратын сөзжасамдық тізбектің ең кіші мүшесі.

Қосымшалар арқылы сөз жасаушы мамандар **сөзжасамдық ұя** (словообразовательное гнездо), **сөзжасамдық тарам** (словообразовательная парадигма), **сөзжасамдық жұп** (словообразовательная пара), **сөзжасамдық тізбек** (словообразовательная цепочка),

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-241
Әдістемелік өндөу	104 беттің 22 беті

**сөзжасамдық саты** (словообразовательная ступень) сияқты ұғымдарды да біліп, термин шығармашылығында олардың өзара байланысына назар аударғаны жөн. Жүйеленген терминология жасау үшін мәселенің бұл қырын назардан тыс қалдыруға болмайды.

Сала мамандарының тілді білу деңгейі әркелкі болатындықтан олардың қаламынан туындастын арнаулы атаулардың да сапасы біркелкі бола бермейді. Сондай-ақ термин жасап, терминологиялық сөздік түзіп жүрген түрлі сала мамандарының көбінесе арнаулы лингвистикалық білімі бола бермейтіндіктен термин шығармашылығында сөз тудырушы жүрнақтарды пайдалану барысында қателіктерге ұрынып жататын жағдайлар да аз ұшыраспайды. Термин жасау барысында жүрнақтардың қандай грамматикалық мағына үстейтінін, жалғану ерекшеліктерін білмей болмайды. Сол себепті төменде әр түрлі сөз таптарынан зат есім тудыратын негізгі жүрнақтар мысалдарымен қоса беріліп отырып.

### **Терминжасамның лексика-семантикалық**

#### **немесе терминдену тәсілі**

Термин шығармашылығының бұл тәсілінің жалпы әдеби тілдегі лексика – семантикалық тәсілден елеулі өзгешіліктері бар екендігін тілші ғалымдар атап көрсетіп жүр. Мәселен В.В.Виноградов термин жасаудың семантикалық тәсілінің жалпы әдеби тілдегі семантикалық тәсілден айырмашылығы жалпы әдеби тілде сөздің семантикалық түрғыдан өзгеріске ұшырауы терминологиядағыдай емес, ұзақ эволюциялық процесс екенін айтса В.П.Даниленко да осы пікірді қолдап терминологияда тілді бұрыннан бар сөздің семантикалық түрғыдан өзгеріске ұшырап, жаңа мағынаға бейімделуі үшін ұзақ мерзімнің қажет емес екендігін атап көрсетеді. Сондай –ақ, соңғы аталған автор «жалпы әдеби тілде бұрыннан бар сөздердің семантикалық тәсіл арқылы мағыналық түрғыдан қайта жаңғыруын яғни семантикалық тәсілді сөзжасамның тұрақты және сенімді тәсілі деп тануға болмайды. Тек жаңа дербес мағынаға ие болған жекелеген сөздер туралы ғана айтуда болады. Ал ғылым тілінде семантикалық тәсілдің орны айрықша. Бұл тәсілдің көмегімен жаңа терминдерге деген барлық сұраныстар етеліп отырады»- дейді.

### **Сөйлем мүшелері**

Сөйлем мүшесі деп сөйлем құрамында тұрып, белгілі бір сұрауға жауап беретін толық мағыналы сөзді, сөз тіркесін не күрдеп сөзді атайдыз. Сөйлем мүшелері сөйлемдегі маңызына, қызметіне қарай тұрлаулы мүшелер және тұрлаусыз мүшелер болып екі топқа бөлінеді.

Сөйлемде сөздер бір-бірімен грамматикалық байланысқа түсіп, белгілі мағынаны, ұғымды білдіріп, ой білдіруге себебін тигізіп тұрады. Сөйлем ішінде басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түсіп, белгілі бір сұраққа жауап бере алатын мағыналы сөзді я сөз тізбегін сөйлем мүшесі дейміз. Сөйлем мүшелері атқаратын қызметі жағынан бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш болып беске бөлінеді. Олар сөйлем құрай алу қасиетіне байланысты тұрлаулы мүше және тұрлаусыз мүше болады. Бастауыш пен баяндауышты тұрлаулы мүшелер, ал анықтауышты, толықтауышты, пысықтауышты тұрлаусыз мүшелер дейміз. Бастауыш - сөйлемде атап септігінде тұрып, ойдаң кім, не жайында екенін білдіріп, баяндауышпен қыыса байланысатын тұрлаулы мүше. Бастауыш кім? не? кімдер? нелер? кімім? нем? кімі? несі? және басқа сөз топтарының заттанып, атап септігіндегі сұрақтарына жауап береді. Бастауыш атап септігінде зат есім мен есімдіктен болады: Бәйге бригадаға берілді. Сіз өз басынызды ғана ойламаңыз. (Ғ. Мұст) Атап септігінде тұрып заттанған басқа сөз топтары да (сын есім, зат есім, етістіктің есімшіе, түйік етістік түрлері т.б.) бастауыш қызметін атқарады.

Баяндауыш - сөйлемде жіктеліп келіп бастауыштың қимылын іс-әрекетін, кім екенін білдіріп, онымен жақ жағынан, кейде жекеше, көпше (1-2 жақта) түрде қыыса байланысын қолданылатын тұрлаулы мүше. Баяндауыш не істеді? қайтті? неғылды? деген сұрақтарға жауап береді. Кейде сөйлемде бастауыш тасаланып жасырын да тұрады, ал оның қай сөз екенін баяндауыштан анықтауға болады.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p>	<p>044-73/11-241</p>
<p>Әдістемелік өндөу</p>	<p>104 беттің 23 беті</p>

Толықтауыш - сөйлемде атап мен іліктен басқа септіктердің бірінде тұрып, бір мүшени заттық мағына жағынан толықтырып тұратын тұрлаусыз мүше. Толықтауыштың сұрақтары: кімді? нені? кімге? неге? кімде? неде? кімнен? неден? кіммен? немен? кім (не) туралы жеңінде? кім (не) жайында?

Анықтауыш - сөйлемде зат есімнен болған не заттық мағынада қолданылған мүшени син-сапалық, сан-мөлшерлік, меншіліктік-қатыстың жағынан анықтап тұратын тұрлаусыз мүше. Анықтауыш қандай? қай? кімнің? ненің? қайдағы? қашанғы? қанша? неше? нешиңші? қайткенде? не еткенде? деген сұрақтардың біріне жауап береді. Құрамына қарай дара (қара), күрделі (қара көк) болып екіге бөлінеді.

Пысықтауыш - сөйлемде іс-әрекет, қимылдың жай-күйін, амалын, мөлшерін, мезгіл-мекенін, себеп-мақсатын білдіретін тұрлаусыз мүше. Пысықтауыш қалай? қайтіп? қашан? қайда? қайдан? неліктен? не себепті? кім үшін? не үшін? не істеуге? не мақсатпен? не арқылы? кім арқылы? неше рет? Деген сұрақтарға жауап береді. Пысықтауыш болатын сөз табы – үстене. Сонымен бірге барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі зат есімдер, кейде сын есім мен сан есім, етістіктің көсемшес түрі барыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі сөз бен қарай, таман, шейін, дейін, бола, соң, кейін, ары, бері, бұрын бірге, қабат, қатар және септік тұлғасыз сөз бен арқылы, арқасында, үшін, сайын септеулік шылаудардың тіркесінен құралған тізбектер де пысықтауыш қызметін атқарады. Құрамына қарай дара (үшін), күрделі (ермек үшін) болып екіге бөлінеді. а) Қимыл-сын пысықтауыш қалай? қалайша? қайтіп? неше рет? не арқылы? ә) Мезгіл пысықтауыш қашан? қашаннан бері? қай кезде? қашанға шейін? б) Себеп пысықтауыш неліктен? не себепті? не үшін? в) Мақсат пысықтауыш не мақсатпен? неге бола? неге? не үшін? деген сұрақтарға жауап береледі.

**Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы:** 10 мин.

**Жаңа тақырыпты бекіту:** 15 мин.

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

**Сабакты қорытындылау:** 10 мин.

## 5.6. Әдебиет

### Негізгі:

- Сәлім, Е. Қ. Қазақ тілі [Электронный ресурс] : техникалық және кәсіби білім беретін орта арнаулы оқу орындырының барлық мамандықтарына арналған оқу құралы / Е. Қ. Сәлім.
- Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
- Сәлім, Е. Қ. Жоғары кәсіби қазақ тілі: оқу құралы. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 150 бет
- Амангельді, А. А. Кәсіби қазақ тілі [Мәтін] : окулық / А. А. Амангельді. - Алматы : New book, 2022. - 224 бет.
- Сәлім Е. Қ. Жоғары кәсіби қазақ тілі : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім, Ф. Д. Оразымбетова, Г. Т. Тастанбекова. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2023. - 150 б.
- Кәсіби қазақ тілі Калиева Е.Т., Даляева Е.Е. , 2015 Калиева Е.Т., /ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>
- Кәсіби қазақ тілі Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. , 2019 Кемелхан Д.Ж /ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>
- Кәсіби қазақ (орыс) тілі : Оқу-әдістемелік кешен . / Құраст. З.Қ. Молдахметова . - Қостанай: А. Байтурсынов атындағы ҚМУ, 2013. - 62 б . З.Қ. Молдахметова /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

### Қосымша:

- Тұрысбекова, А. Е. Кәсіби қазақ тілі [Мәтін] : оқу-әдістемелік құрал / А. Е. Тұрысбекова, Б. О. Оразова. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 120 бет. С
- Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / сөздік ; құраст., Ш. Құрманбайұлы[және т.б.]. - Нұр-Сұлтан : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 596 бет.

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-241
Әдістемелік өндөу	104 беттің 24 беті

3. Кемелхан, Д. Ж. Кәсіби қазақ тілі : оқу- әдістемелік құрал / Д. Ж. Кемелхан, А. Т. Абдуллабекова. - Караганды : АҚНҮР, 2016. - 155 бет.

### **5.7. Бақылау:** ауызша сұрақ жауап.

- *Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер:*

1. Морфологиялық сөзжасам тәсілі деген не?
2. Туынды терминдердің жасалу жолын түсіндіріңіздер?
3. Сөзжасамдық жұп дегеніміз не?
4. Сөзжасамдық ұя дегеніміз не?

Итмұрын, пайдалы әсер, хош иістендіргіштер, аканто-кератома, қан аздық, ДСМ, қуыққап, бұлшықет, мемтерминком.

5. Сөйлем мүшелерін атаңыз.

6. Сөйлем мүшелерінің атқаралықтын қызметіне қарай бөлінуі.

## **№ 8 қабак**

**5.1. Тақырып:** Калькалау-терминжасам тәсілі.

Грамматикалық тақырыптар: Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері.

**Сағат саны:** 2 сағат 90 мин.

**5.2. Оқу мақсаты:**

- тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен қамтамасыз ету;
- студенттің тілдік қорын дамыту, тақырып бойынша мәтін құрауға үйрету.
- бұйыру, талап ету, қалау, өтініш мәнді сөйлем қызметі туралы түсінік беру.

**5.3. Оқу міндеттері:** Білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

**Ұйымдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

**Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру:** 15 мин.

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 30 мин.

**5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:**

Терминдердің морфологиялық тәсіл арқылы жасалу жолын түсіндіретін сыйба (схема) әзірлеңіз.

- Тәсілдің теориялық мәселелерін қамтып, презентация әзірлеңіз.
- Фармацевтикалық оқулықтардан синтетикалық тәсіл арқылы жасалған сөздердің сөзжасамдық тізбекке жинақтап, кеспе қағаздарын әзірлеу.

**5.5. Оқу және оқытудың әдістері:** шағын топпен жұмыс.

Шағын топпен жұмыс – білім алушылар өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

### **Калькалау – терминжасам тәсілі.**

Калькалау - өзге тілдердің терминдерінің жасалу үлгісі мен мағынасын пайдалана отырып, ұлт тілінде термин жасау болып табылады. Кальканың тілдік табиғаты түрліше түсіндіріледі. Мысалы: а) Калькалау термин шығармашылығында айрықша орын алады, осының өзі оны терминжасамның жеке амалы ретінде қарастыруға негіз болады. ә) Калькалауды сөз алмасудың байқалмайтын түрі, оны «жасырын сөзалмасым» немесе «жабық сөзалмасым» (скрытое заимствование) деп түсінү керек. 19 б) «Калькалау терминдену, терминжасам және терминалмасым сынды негізгі үш тәсілдің бірігуінен (қызысу мен өзара әсерінен) тұрады». Калька құрылымы мен мазмұнының қабылдауши тілде игерілуіне,

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-241
Әдістемелік өндөу	104 беттің 25 беті

қабылдаудына қарай сөзжасамдық калька, семантикалық калька, фразеологиялық калька деп жіктеледі. Сөзжасамдық калька – шет тілі сөзін әр морфемасы бойынша дәл аудару. Семантикалық калька – шет тілі сөзінің ауыспалы мағынасын алу. Фразеологиялық калька – фразеологизмді сөзбе-сөз аудару. Қазақ тілінің терминқорында калька тәсілімен жасалған термин сөздер көтеп саналады. Олар негізінен кеңестік дәуірде қалыптастқан терминдер. Қазақ тіліндегі калька терминдердің басым бөлігі орыс тіліндегі терминдер үлгісімен жасалған. Кеңестік дәуірде терминалмасым негізінен «орыс тілінен → қазақ тіліне» түрінде біржақты бағытта жүзеге асырылып, біздің тіліміз үшін орыс тілі терминқор қалыптастырудың бірден-бір сыртқы көзі, үлгі тіл ретінде танылды. Сондықтан да қазақ тіліндегі калька жолымен жасалған терминдер болып келеді. Бізде осы тәсілмен жасалған терминдерді дұрыс қабылдалап, бұл тәсілді термин шығармашилығында ұтымды пайдаланып, оның өнімділігін арттыра түсу қажет деп санайтындардан гөрі, бұл жолмен жасалған терминдерді сөзбе-сөз аудару, жасанды деп жатсыну көбірек байқалады. Оның бір себебі – кеңестік кезеңде үстемдігі өткен орыс тілінің ықпалынан арылып, соңғы жылдарда байқалып отырған ұлт тілінің сөзжасам тәсілдері мен ішкі лексикалық байлығын барынша тиімді пайдалануға ұмтылу үрдісімен де байланысты болса керек. Кейбір тілдерде калька шет тілдерің сөздерін игерудің бірден-бір тәсілі болып саналады. Термин шығармашилығында бұл тәсілді де жатсынбай пайдаланып, оны тіліміздің табиғатына сәйкестендіріп жетілдіре білсек, терминжасам тәсілдеріміздің өрісі кеңейіп, өзге тілдердің сөздерін игеру мүмкіндігіміз арта түспек.

**Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.**

#### **1-тапсырма. Сөз құрамына талдаңыз**

*Калькалау тәсілі. Бұл да аударма үрдісінің жандануына байланысты кеңес дәуірінде пайда болған өнімді амалдардың біріне айналды. Мұның, есіресе терминжасам мәсел есіндегі рөлі айрықша. Магыналық (фонетикалық) калька қатарына қасторын, өндіріс т.б. жатқызуға болады.*

**2-тапсырма. Терминжасамның калькалау тәсіліне 20 мысал жазыңыз**

**3-тапсырма. Төмендегі сөздерге фонетикалық талдау жасаңыз**

Құн, есепші, тасымалдау, сарапшы, келісім, ұсыныс, жоспарлау.

**4-тапсырма. «Терминжасамның калькалау тәсілі» тақырыбында реферат дайындаңыз**

**Жаңа тақырыпты бекіту:** 10 мин.

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

**Сабақты қорытындылау:** 10 мин.

#### **5.6. Әдебиет:**

##### **Негізгі:**

- 1.. Сәлім, Е. Қ. Қазақ тілі [Электронный ресурс] : техникалық және қәсіби білім беретін орта арнаулы оқу орындырының барлық мамандықтарына арналған оқу құралы / Е. Қ. Сәлім.
2. Сәлім, Е. Қ. Қәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
3. Сәлім, Е. Қ. Жоғары қәсіби қазақ тілі: оқу құралы. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 150 бет
4. Амангельді, А. А. Қәсіби қазақ тілі [Мәтін] : оқулық / А. А. Амангельді. - Алматы : New book, 2022. - 224 бет.
5. Сәлім Е. Қ. Жоғары қәсіби қазақ тілі : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім, Ф. Д. Оразымбетова, Г. Т. Тастанбекова. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2023. - 150 б.
6. Қәсіби қазақ тілі Калиева Е.Т., Даляева Е.Е. , 2015 Калиева Е.Т., /ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>
7. Қәсіби қазақ тілі Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. , 2019 Кемелхан Д.Ж /ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-241
Әдістемелік өндөу	104 беттің 26 беті

8. Кесіби қазақ (орыс) тілі : Оқу-әдістемелік кешен . / Құраст. З.Қ. Молдахметова . - Қостанай: А. Байтурсынов атындағы ҚМУ, 2013. - 62 б . З.Қ. Молдахметова /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

### Қосымша:

1. Турысбекова, А. Е. Кесіби қазақ тілі [Мәтін] : оқу-әдістемелік құрал / А. Е. Турысбекова, Б. О. Оразова. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 120 бет. С
2. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / сөздік ; құраст., Ш. Құрманбайұлы[және т.б.]. - Нұр-Сұлтан : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 596 бет.
3. Кемелхан, Д. Ж. Кесіби қазақ тілі : оқу- әдістемелік құрал / Д. Ж. Кемелхан, А. Т. Абдуллабекова. - Караганды : АҚНҮР, 2016. - 155 бет.

**Үйге тапсырма беру:5 мин.**

### 5.7. Бақылау: талдау жұмысы

1. Термин және оның қасиеттері, пайда болу жолдары.
2. Терминология саласының міндеттері.
3. Термин және оның қасиеттері, пайда болу жолдары.
4. Терминология саласының міндеттері.

### № 9 сабак

**5.1. Лексикалық тақырып:** Қазақстандағы фармацияның дамуы. Қазақстандағы алғашқы фармацевтер.

**Грамматикалық тақырып:** Сөйлемнің түрлаулы мүшелері.

**Сағат саны:** 2 сағат. 90 мин.

### 5.2. Мақсаты:

- білім алушыларға Қазақстанның фармациясы қалай дамығаны жайында түсінік беру;
- лексикалық тақырып бойынша еркін әңгімелесуге баулу.
- сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдері туралы білімдерін нығайту

**5.3. Оқыту міндеттері:** Білім алушылардың тілдік корын молайту. Тақырыпқа кажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете тусу.

**Үйымдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

**Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру:** 15 мин.

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 30 мин.

### 5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

- 1) Мәтінге қатысты сөздік минимумдар.
- 2) Фармация тарихындағы елеулі ғасырлар мен жылдарды атаңыз.

### 5.5. Оқу және оқытудың әдістері:

- Сабакта оқытушы студентке мәселені көтеріп, қай бағытта жұмыс істеу керектігін сілтейді, әрі қарай студент жеке жұмыс жасайды.
- Тақырыпты өрбіту:**
- 1.Дәрі-дәрмектің пайдасы мен зияны.
  - 2.Дәріні қолдану кезіндегі сақтық шаралары.
  3. Фармация ғылымында жиі кездесетін терминдік сөздерді атаңыздар.
  - 4.«Дәріхана» тақырыбына диалог құрастырыныз

### Қазақстанда фармацияның дамуы

Қазақ халқында қазақ медицинасының тәжірибелері жақсы қалыптасқан. 1841 жылы қазақ даласына келген штаб-емші А.Яғмин қазақтың халық медицинасында қолданылатын

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-241
Әдістемелік өндөу	104 беттің 27 беті

дәрілік заттарды, дәрілік өсімдіктерді жазған. Дәрілер ширатушы, сергітуші, қыздырушуы, іш жүргізуши болып жіктерге бөлінген.

Қазақстанда халық медицинасының дамуына ертедегі Грек, Үнді, Қытай медицинасы мектептерінің ықпалы үлкен болды.

Қазақстанда алғашқы еркін дәріхана 1842 жылы Орал қаласында ашылды.

1890 жылы Қазақстан территориясында барлығы 33 дәрігер, 69 фельшер, 27 акушер, 3 фармацевт болды.

1875 жылы Қазақстанда барлығы 6 дәріхана, 1900 жылы 18 дәріхана жұмыс істеді, ал 1915 жылы дәріханалардың саны 50-ге жетті. Сонымен қатар фармацевт мамандардың саны өте баяу өсті. Мысалы, фармацевт мамандарының жалпы саны 1895 жылы - 17, 1900 жылы -26, 1905 жылы – 34, 1910 жылы - 44, 1915 жылы – 64 болды.

Қазан төңкерісіне дейін Қазақстанда фармацевт мамандарын даярау ісі болмады.

Қазақ дәріхана басқармасының бірінші тәрағасы болып дәрігер Шомбалов Мәжит Мұхамедғалиұлы тағайындалды. Қазақ дәріхана басқармасының құрылуымен Қазақстанда дәріхана ісі дамуының жаңа кезеңі басталды. Дәріхана басқармасы елді-мекендік, ауылдық дәріханалар жүйесін дамыту, дәрі-дәрмектер сапасын бақылауды ұйымдастыру, дәріханалардың санитарлық ағарту жұмыстары, дәріханалық білім беру сапасын дамыту мәселелеріне ерекше қөніл бөле бастады.

1931-1933 жылдары Қазақ дәріхана басқармасының құрамында 157 дәріхана, 14 санитарлық-гигиеналық дүкен, дәріхана қоймасы (Алматы облысы) ұсақ бөлшек саудамен жұмыс істейтін 21 дүкен болды.

Республикада шешімін таппай тұрған мәселелердің бірі фармацевтикалық мамандардың жетіспеушілігі болды.

1931 жылы Қазақ Денсаулық сақтау Халық Комисариаты Семей акушерлік мектебін фармацевтикалық техникумға айналдырып, қайта құрды.

### Тұрлаулы мүшелер

**Тұрлаулы мүшелер** - сөйлемге негіз болатын мүшелер. Тұрлаулы мүшелерге бастауыш пен баяндауыш жатады. Логикалық тұжырым бойынша, сөйлем – пікірге, бастауыш – субъектіге, баяндауыш – предикатқа негізделеді. Тұрлаулы мүшелер тек зат есім мен етістіктен ғана жасалмайды, олардың құрамында басқа сөз таптары да кездеседі. Бастауыш негізінен зат есімнен және зат есім мәніндегі сөз таптарынан жасалса, баяндауыш көбіне, етістіктен жасалуға бейім десек те, өзге есім сөз таптарынан да жасалады

**Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы:** 10 мин.

**Жаңа тақырыпты бекіту:** 15 мин.

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

**Сабакты қорытындылау:** 10 мин.

### 5.6. Әдебиет.

#### Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Қазақ тілі [Электронный ресурс] : техникалық және кәсіби білім беретін орта арнаулы оқу орындырының барлық мамандықтарына арналған оқу құралы / Е. Қ. Сәлім.
2. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
3. Сәлім, Е. Қ. Жоғары кәсіби қазақ тілі: оқу құралы. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 150 бет
4. Амангельді, А. А. Кәсіби қазақ тілі [Мәтін] : оқулық / А. А. Амангельді. - Алматы : New book, 2022. - 224 бет.

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-241
Әдістемелік өндеу	104 беттің 28 беті

5. Сәлім Е. Қ. Жоғары кәсіби қазақ тілі : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім, Ф. Д. Оразымбетова, Г. Т. Тастанбекова. - Караганды : ЖК "Ақнұр", 2023. - 150 б.
6. Кәсіби қазақ тілі Калиева Е.Т., Даляева Е.Е. , 2015 Калиева Е.Т., /ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>
7. Кәсіби қазақ тілі Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. , 2019 Кемелхан Д.Ж /ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>
8. Кәсіби қазақ (орыс) тілі : Оқу-әдістемелік кешен . / Құраст. З.Қ. Молдахметова . - Қостанай: А. Байтурсынов атындағы ҚМУ, 2013. - 62 б . З.Қ. Молдахметова /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

### Қосымша:

1. Тұрысбекова, А. Е. Кәсіби қазақ тілі [Мәтін] : оқу-әдістемелік құрал / А. Е. Тұрысбекова, Б. О. Оразова. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 120 бет. С
2. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / сөздік ; құраст., Ш. Құрманбайұлы[және т.б.]. - Нұр-Сұлтан : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 596 бет.
3. Кемелхан, Д. Ж. Кәсіби қазақ тілі : оқу- әдістемелік құрал / Д. Ж. Кемелхан, А. Т. Абдуллабекова. - Караганды : АҚНҮР, 2016. - 155 бет.

**Үйге тапсырма беру:** 5 мин.

**5.7. Бақылау:** ауызша сұрақ жауап.

1. Фармация ғылымы дегеніміз не?
2. Қазақстанның фармациясындағы өзекті мәселелер.
3. XX ғ. басындағы фармация даму тақырыбында талқылау.

### № 10 сабак

**5.1. Тақырып:** Жалпы терминдер. Дәрілік өсімдіктердің атаулары.

Бастауыш пен баяндауыштың қысымы.

**Сағат саны:** 2 сағат. 90 мин.

**5.2. Мақсаты:** Оқушылардың дәрілік өсімдіктер туралы білімдерін кеңейту; оқушыларды табиғатта өздерін дұрыс ұстауға үйрету. Дәрілік өсімдіктерді өмірде пайдалана білуге, өз ауласына мәдени өсімдіктерді өсіріп күтіп-баптауға бағыт беру.

**5.3. Оқу мақсаттары:** Білім алушылардың тілдік корын молайту. Тақырыпқа кажетті сөйлесім ұлғілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

**Үйымдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

**Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру:** 15 мин.

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 30 мин.

**5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:**

- 1.Дәрілердің түрлери.
- 2.Дәрілік өсімдіктердің пайдасы мен маңызы.
- 3.Тагам құрамындағы дәрумендерді сақтау әдістері.

**5.5.Оқу және оқытудың әдістері:** шағын топпен жұмыс жасау.

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Тапсырма 1. Дәрумендер , олардың маңызы. Майды еритін витаминдер: А, Д, Е, К

Тапсырма 2.Дәрумендер тарихы.Суда еритін витаминдер: С, PP, В,

Берілген мәтін бойынша жұмыс жасаңыздар

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-241
Әдістемелік өндөу	104 беттің 29 беті

## Дәрілік өсімдіктер

Украина, Молдава, Краснодар өлкесінде, Қыры Шығыс, Белоруссия, Прибалтика, Қазақстанда өседі. Дәрілікке жалбыздың жапырағы пайдаланылады. Бұл жапырақта эфир майы 2,5-3,0%, гүлінде 4-6%, сабағында 0,3% болады. Осы эфир майынан дәрілік қасиеті бар ментол препаратын жасайды. Бұл көбіне салқын тигенде, бауыр, асқазанның кейбір ауруларын емдеуге қолданылады. Жалбызды әр түрлі «Эфкамон» майын, «Анестезол» свечкасын, «Олимотин», «Энатин» сияқты препараттарды дайындауға қолданады. Жалбыздан тұнбаны төмендегідей жолмен әзірлейді.

Жалбыздың кептіріліп, уақталған шөбінің бір шай қасығын ыдысқа салып, үстінен бір стакан қайнаған ыстық су құйып, 15-20 минут тұндырып сүзеді. Осы тұнбаны күніне үш-төрт мезгіл, тамақтанудан жарты сағат бұрын бір ас қасықтан ішу керек.

**Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы:** 15 мин.

**Тапсырма 1.** Дәрілік өсімдіктерді ата?

Өсімдіктердің адамға тигізер пайдасы?

Суыққа төзімді өсімдіктерді ата?

Өсімдіктердің бірлесіп өсу бейімділігі.

Адамның өсімдікке тигізер пайдасы қандай?

Қазоты қандай өсімдік?

**Тапсырма 2.** Жалбыз қосылған шәй ..... ауруымен ауыратындарға, тамақтан ..... , асқазан – бауыр ауруы мен ауыргандарға, ..... жүйесі бұзылғандарға өте пайдалы.

Жалбыз қосылған шәйді: ..... жоғары адамдарға, ..... жасқа дейін толмаған балаларға, ішуге болмайды.

Жалбыз қосылған ..... адам ағзасын тазалайды.

Қазақстанда оның екі түрі кездеседі – .....

Жалбыз өсімдігінің ..... адам ағзасына керекті ..... көп.

**Жаңа тақырыпты бекіту:** 10 мин.

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

**Сабакты қорытындылау:** 10 мин.

## 5.6. Әдебиет.

### Негізгі:

1. 1.Сәлім, Е. Қ. Қазақ тілі [Электронный ресурс] : техникалық және қәсіби білім беретін орта арнаулы оқу орындырының барлық мамандықтарына арналған оқу құралы / Е. Қ. Сәлім.

2. Сәлім, Е. Қ. Қәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - әл. опт. диск (CD-ROM).

3. Сәлім, Е. Қ. Жоғары қәсіби қазақ тілі: оқу құралы. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 150 бет

4. Қәсіби қазақ тілі Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. , 2019 Кемелхан Д.Ж /ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>

5. Қәсіби қазақ (орыс) тілі : Оқу-әдістемелік кешен . / Құраст. З.Қ. Молдахметова . - Қостанай: А. Байтурсынов атындағы ҚМУ, 2013. - 62 б . З.Қ. Молдахметова /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

6. Нығметова, Н.Т. т.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық . / Н.Т. Нығметова, Қ.С. Қалыбекова, Қ.Қ. Нұржанова. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2015. Нығметова, Н.Т /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

### Қосымша:

1. Кемелхан, Д. Ж. Қәсіби қазақ тілі : оқу- әдістемелік құрал / Д. Ж. Кемелхан, А. Т. Абдуллабекова. - Караганды : АҚНҮР, 2016. - 155 бет.

2.Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz.

3..Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Қәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019 <https://aknurpress.kz/reader/web/1396>

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-241
Әдістемелік өндөу	104 беттің 58 беті

4. Сәлім Е. Қ., Оразымбетова Ф.Д. Жоғары кәсіби қазақ тілі. (медициналық және фармацевтикалық фак-т студ. арналған). Оқу құралы. 201 <https://aknurpress.kz/reader/web/1101>

**Үйге тапсырма беру:** 5 мин.

**5.7. Бақылау:** сұрақ жауап.

Жалбыз қандай өсімдік?

Жалбыздың шәйінің пайдасы қандай?

Жалбыз өсімдігін суретін сипатта?

Қандай ауруларға ем?

Басқа өсімдіктерден ерекшелігін ата

Жалбыз қандай жерлерде өседі?

Жалбыз туралы қосымша мәліметтер жинап келу.

### **№ 22 сабак**

**5.1. Лексикалық тақырып:** Глюкоза, бал. Балдың емдік қасиеті.

**Грамматикалық тақырып:** Салалас құрмалас сөйлем және оның түрлері.

**Сағат саны:** 2 сағат 90 мин.

**5.2. Мақсаты:** Вирусты гепатит ауруының пайда болуы, таралу жолдары мен аурудың алғашқы белгілері, сақтану жолдары туралы түсінік беру, жеке бас тазалығына сақтауға баулу, жұқпалы аурулар туралы білімдерін жетілдіре отырып, оның болдырмаудың жолдары бар екендігіне көздерін жеткізу.

Вирусты гепатит ауруының пайда болуы, таралу жолдары мен аурудың алғашқы белгілері, сақтану жолдары туралы түсінік беру.

**5.3. Оқу мақсаттары:** білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім ұлғілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете тусу.

**Үйимдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

**Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру:** 15 мин.

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 30 мин.

**5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:**

1. Глюкоза, Балдың құрамы.

2. Глюкоза, балдың жасалу жолдары мен емдік қасиеттері.

### **Глюкоза**

Глюкоза углеводтарға жатады және адам мен хайуананаттар ағзасының зат алмасу өнімдерінің бірі болып табылады. Зат алмасуда глюкозаның энергетикалық басты маңызы бар. 1 г. глюкоза толығымен ыдырағанда 4,1 ккал жылу бөлінеді. Мұнда бөлінген энергия ағза жасушасының қызметін қамтамасыз етеді. Әсіресе, орталық жүйке жүйесі, жүрек, ет сияқты қарқынды жұмыс істейтін органдар үшін глюкозаның энергетикалық маңызы жоғары. Осылайша глюкоза физикалық азғындаумен жалғасып жататын созылмалы ауруларға, жалпы ағзаны көтеруші (кушайтуші) зат ретінде кеңінен қолданылады.

Глюкоза бауырдың әр түрлі уларды залалсыздандыру қабілетін күшайтеді. Бұл оның антитоксикалық қасиетімен байланысты. Уланған кезде глюкоза ерітіндісі мол мөлшерде қолданылады, ол тамырдағы айналып жүрген сұйықтық мөлшерін ұлғайту және зәр шығару күшайту арқасындағы қандағы удың құрамын азайтады. Глюкозаның көрсетілген қасиеттері антитоксикалық қызметі төмендеген ағымдағы бауыр ауруларын

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-241
Әдістемелік өндөу	104 беттің 59 беті

емдеуге (гепатит, цирроз, т.б.), әр түрлі улармен уланған (ауыр металдар иондары, анилин, мышьяк т.б.) емдеуге қолданылады.

Инсулин дозасын асырып жіберуден пайда болған команы емдеуде глюкозаның маңызы аса жоғары. Тамырмен жіберуге арналған әр түрлі заттарды ерітуге глюкоза өте жиі қолданылады. Мысалы: норадреналин, строфантин т.б. Іс жүзінде глюкоза гипертоникалық және изотоникалық ертінді түрінде қолданылады.

### **Бал**

Бал іштің жарасын, дененің жарақатын емдеуге кеңінен қолданылады. Оны ағзаның қорғаныс күшін арттыру мақсатында ішеді. Ол ішкі (эндокрин) бездердің жұмысын жақсартады. Сондай-ақ балды жүрек-қантамырларын, тыныс жолдарын, асқорыту жүйелерін емдеу үшін де пайдаланады.

### **Салалас құрмалас сөйлем**

Салалас құрмалас сөйлем — құрамындағы жай сөйлемдері салаласа байланысқан құрмаластың түрі. Салалас құрмалас сөйлем баяндауыштары тиянақты тұлғада келіп, бір-бірімен тең дәрежеде байланысады. Салалас құрмалас сөйлемнің жай сөйлемдері өзара мағыналық тұтастықта болып, интонация (жалғаулықсыз) және жалғаулық шылаулар арқылы байланысады. Жалғаулықсыз (іргелес байланысқан) салалас мезгілдес, себептес, қарсылықты, түсіндірмелі, шартты, салыстырмалы түрлерге жіктеледі. Салалас құрамындағы жай сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыратын жалғаулық шылауларға қатысты салалас құрмалас сөйлемдер бірнеше топқа бөлінеді: мезгілдес (Мысалы, Құнанбай Ұлжанның қасына барды да, Мәкіш бен Абайдың жүзіне қарады (М.Әуезов)) себептес (Оның бұл сөзді не үшін егіле айтқанын Тайман сезген жоқ, өйткені ол Сәуленің өзінің болашақ келіні екенін білмейтін-ді (Ә.Әбішев)), қарсылықты (Алыстан әлдекімдердің күбірлеген дауысы естіледі, бірақ қай жақтан естілетінін шамалай алмаймын (С.Мұқанов)), талғаулықты (Бұл істің шындығын не көзімен көрген айттар немесе құлағымен есіткен айттар (Ә.Әбішев)), кезектес (Нұргали біресе Тәкеге қарап кікінеді, біресе Аманға қарап мұләйімсіді (Ғ.Мұстафин)).

### **Салалас құрмалас сөйлемнің түрлері .**

Салалас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір – бірімен өзара белгілі мағыналық қарым – қатынаста айтылады. Мағыналық қарым-қатынаста жұмсалуына қарай салалас құрмалас сөйлем мынадай алты түрге бөлінеді :

1. Үңғайлас салалас.
2. Қарсылықты салалс.
3. Себеп – салдар салалас.
4. Ілекtes салалас.
5. Талғаулы салалас.
6. Кезектес салалас.

**Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы:** 15 мин.

**Тапсырма 1.** Сөйлемдердің ішінен болымсыз етістікті табыңыз.

Аурудан ластанған су,тамақ,сары аурумен ауырған науқастың қаны арқылы заарсыздырылмаған медициналық аспаптардан жұқтырады.Ауру адам мен вирус тасығыштар арқылы тарайды.Білінбейтін кезеңі 14 күннен 45 күнге дейін.Бірнеше күннен кейін науқастың көзінің ақ қабығы,тандайы,терісі сарғая бастайды.Денені сарғайтпайтын да түрі бар. Бұл кезеңде денеге күш түсіруге болмайды,майлышы,ашы және тұзды тамақ,шоколад,какао ішуге болмайды. Сүттен жасалған тамағамдар,сұға пісірілген тамақты,жеміс-жидек,көкеніс жеуге болады.

**Тапсырма 2.** Сөйлемдерден жіберілген қателерді табыңыз.

- Кең таралмайтын және жүқпалы болмағандықтан,сары ауруға ерекше назар ауддарған жөн.
- Ең алдымен асқазанды зақымдайды.

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-241
Әдістемелік өндөу	104 беттің 60 беті

- Инфекция сау адам мен вирус тасығыштардан құрайды.
- Науқастың көзінің ақ қабығы қызарады.
- Күрылған ет пен тұздалған тамақ жеу керек.
- Бұл кезеңде денеге құш түсірге болады.
- Күн тәртібі мен диета қатаң сақталмайды.

**Тапсырма 3 .** Мәтінді орыс тіліне аударыныздар.

С.П.Боткин первый указал, что некоторые острые гепатиты вызываются инфекцией; с тех пор эти болезни стали называть инфекционными желтухами. Симптомы и течение болезни. Основным симптомом острых инфекционных гепатитов является желтуха. Часто желтухе предшествуют нарушения желудочно-кишечной деятельности: плохой, отрыжка, запоры или поносы, иногда рвота. Затем повышается температура, и через несколько дней появляется желтушное окрашивание склер и кожи. Раньше всего отмечается желтушное окрашивание белочной оболочки глаз, затем кожи. В связи с желтухой наблюдаются все те изменения со стороны кала, молчи, пульса. өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

**Жаңа тақырыпты бекіту:** 10 мин.

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

**Сабакты қорытындылау:** 10 мин.

## 5.6. Әдебиет.

**Негізгі:**

1. Сәлім, Е. Қ. Қазақ тілі [Электронный ресурс] : техникалық және кәсіби білім беретін орта арнаулы оқу орындырының барлық мамандықтарына арналған оқу құралы / Е. Қ. Сәлім.
2. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
3. Сәлім, Е. Қ. Жоғары кәсіби қазақ тілі: оқу құралы. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 150 бет
4. Кәсіби қазақ тілі Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. , 2019 Кемелхан Д.Ж / ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>
5. Кәсіби қазақ (орыс) тілі : Оқу-әдістемелік кешен . / Құраст. З.Қ. Молдахметова . - Қостанай: А. Байтурсынов атындағы ҚМУ, 2013. - 62 б . З.Қ. Молдахметова /РМӘБ/ <http://rmebrk.kz/>
6. Нығметова, Н.Т. т.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық . / Н.Т. Нығметова, Қ.С. Қалыбекова, Қ.Қ. Нұржанова. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2015. Нығметова, Н.Т /РМӘБ/ <http://rmebrk.kz/>

**Қосымша:**

1. Кемелхан, Д. Ж. Кәсіби қазақ тілі : оқу- әдістемелік құрал / Д. Ж. Кемелхан, А. Т. Абдуллабекова. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 155 бет.
- 2.Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz.
- 3..Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019 <https://aknurpress.kz/reader/web/1396>
- 4.Сәлім Е. Қ., Оразымбетова Ф.Д. Жоғары кәсіби қазақ тілі. (медицинская және фармацевтикалық фак-т студ. арналған).Оқу құралы. 201 <https://aknurpress.kz/reader/web/1101>

**Үйге тапсырма беру:** 5 мин.

**5.7. Бақылау:** ауызша сұрақ жауап.

1.Балдың , глюкозаның емдік қасиеттері мен ғажайып қасиеттері тақырыбында талқылаңыз.

## № 23 сабак

**5.1. Лексикалық тақырып:** Вакцина.

**Грамматикалық тақырып:** Сабактас құрмалас сөйлем.

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-241
Әдістемелік өндеу	104 беттің 61 беті

**Сағат саны:** 2 сағат. 90 мин.

**5.2. Мақсаты:** Оқушылардың «денсаулық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, денсаулықтың адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру, оны күту іскерліктерін дамыту; деңе, жеке бас гигиенасын сақтау және жаман қылыштардан бойын аулақ ұстауға тәрбиелеу.

**5.3. Оқымақсаттары:** білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім ұлғілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін терендете түсу.

**Ұйымдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

**Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру:** 15 мин.

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 30 мин.

**5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:**

1. Вакцина және оның түрлері.

2. Профилактикалық екпелерді өткізу мерзімдері және енгізу тәсілдері.

**5.5. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне жету үшін оқытудың негізгі түрлері/әдістері/технологиялары:** шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – білім алушылар өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

*Студенттер екі топқа бөлінеді.*

*«Шынықсан-шымыр боласың» бағытымен деңе тәрбиесі мен салауатты өмір қағидаттары туралы, студенттер тіл мәдениетін пайдалана отырып, ауызша жұмыстар атқарады.*

### **Вакцина**

Вакцина – белгілі бір инфекцияны жоюға бағытталған, микроорганизмдерден жасалатын препарат. Өндірісте вакцинаның зиянды инфекциялардан қорғайтын қасиетін сақтай отырып, артық және зиянды заттардан тазартады. Олар осылайша өте қатаң тексерулерден кейін ғана шығарылады. Препараттардың қауіпсіздігін, зиянсыздығын және тиімділігін тексеру үшін лабораториялық, клиникалық тексерулер өткізіледі. Сонымен қатар, өндірісте өндіріліп жатқан препараттардың әрбір партиясы қатаң бақылауға алынады.

Ең алғашқы егу перзентханаларда туберкулез және «В» гепатитіне қарсы жүргізілетінін айта кетелік. Тағы бір назар аудараптық нәрсе мынау. Кез келген вакцинациядан кейін баланың ағзасы оған өтпелі реакциямен жауап қайтарады. Себебі бұл мерзім ішінде ағзаны инфекциядан қорғайтын күш жинақталуы керек.

Бөгде зат енген деңеде міндетті түрде әртүрлі реакциялар орын алатыны анық. Алайда, мұндай реакциялардың зардаптары инфекциялардың зиянымен салыстырғанда түк емес.

Ағзаға вакцина егудің нәтижесінде болатын реакциялар барынша тез әрі жеңіл өтеді. Және бұл өзгерістер медицина қызметкерлерінің бақылауында болады.

Вакцинация қазіргі уақытта инфекциялық аурулардың таралуымен құресудің бірден-бір тиімді тәсіл болып табылады. Препарatty қабылдаған кездегі өтпелі реакцияға бола егуден бас тарту болашақта үлкен ауруға әкеліп соғатындығын ұмытпайық.

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-241
Әдістемелік өндеу	104 беттің 62 беті

Полиомелит, дифтерия, қызылша секілді көптеген инфекциялардың таралуы осыған дейін әлемдік медицинада үлкен мәселе болып келген еді. Вакцинацияның кең ауқымда таралуы бұл мәселені түгелдей дерлік шешті десек те болады. Осының арқасында барша адамзат баласы салауатты ғұмыр кешіп жатыр.

**Tipi вакцина** – микробтардың уыттылығын әлсіретіп, ауру тудырғыш қабілетін жою, иммунитет қалыптастыру үшін алынады. Алғаш рет француз микробиологы Л. Пастер тірі вакцинаны түйнемеге (1881) және құтыру ауруына (1885) қарсы қолданды. Ал 1926 жылы француз ғалымдары А. Кальмет пен К. Гереннің ашқан тірі туберкулез (БЦЖ) вакцинасы ғылымдағы үлкен жаңалық болды. Tipi вакциналар шешек, құтыру, оба, туляремия, т.б. ауруларға қарсы пайдаланылады.

**Олтірілген вакцина** – микроорганизмдерді физикалық (қыздыру арқылы) және химиялық жолмен (фенол, ацетон және спиртпен өндеу) өлтіру әдістері арқылы алынады. Бұлардың қорғаныштық қабілеті тірі вакцинаға қарағанда төмендеу болғандықтан бірнеше рет егіледі.

**Химиялық вакцина** – микроорганизмдерден бөлінетін активті антигендерден алынады. Бұл вакциналар паратиф, іш сүзегі, т.б. ауруларға қарсы пайдаланылады. Анатоксиндер – улы токсингерді формалинмен өндеу арқылы алынған усыз вакциналар. Бұларды алғаш рет (1923-1926) француз ғалымы Г. Рамон алды. Анатоксиндер дифтерия (кул), ботулизм, сіреспе, т.б. ауруларға қарсы қолданылады.

**Ассоциацияланған вакцина** 2-3 ауруға бірден қолданылатын вакциналар. Мысалы, сиырларды қараталақ пен қарасан (эмкар) ауруына қарсы бір вакцинамен егіп тастау өте тиімді. Вакциналарды организмге әртүрлі әдіспен енгізеді. Мысалы, шешек, туберкулез вакцинасын тері үстіне (тырнап), полиомиелитке қарсы ауыздан, гриптікін танау қуысынан құяды.

**Сүзек, тырысқақ, топалаң, құтыру** вакцинасын тері астына, қызылша мен қарасан вакцинасын бұлшық етке егеді. Вакцина егілген организмде ауруға қарсы иммунитет 2-3 аптадан кейін қалыптасып, бірнеше жылдар бойы сақталады.

Вакцина – белгілі бір жүқпалы аурудан алдын ала сақтану үшін егілетін дәрі. Оны ауырғанда адамға да қолданады, яғни вакцинаны егу арқылы ауру түрін анықтайды.

Бір ауруды қоздыратын микробқа қарсы қолданылатын вакцинаны мивакцина, екі ауруға бірдей қарсы қолданылатын - дивакцина, бірнешеуіне қарсы қолданылатын вакцина – поливакцина деп аталады.

Еккеннен кейін ұзақ уақыт ауруды қабылдатпайтын вакцинаны тірі вакцина деп атайды. Вакцинаны егу әдісі адамның жасы мен денсаулығына қарай түрліше болады. Вакцина терінің астына, бұлшық етке егіледі.

#### **Сабактас құрмалас сөйлем.**

Құрамындағы жай сөйлемдерінің алғашқысының баяндауышы тиянақсыз болып, соңғысына бағына байланысқан құрмалас сөйлемнің түрі сабактас құрмалас деп аталады.

Мысалы: *Тапсырманы тиянақтап алғысы келгенмен, қайта сұрауга батылы бармады.* Бұл құрмалас сөйлемнің бірінші жай сөйлемін өз алдына бөлек айтуда келмейді, себебі ой тиянақты емес, ойды тиянақтап, аяқтап түрган екінші жай сөйлем. Құрмаластың құрамындағы бірінші жай сөйлем екінші жай сөйлемге бағына байланысып тұр. Құрмалас сөйлемнің құрамындағы тиянақсыз жай сөйлем бағыныңқы сөйлем, ал өз алдына дербес айтыла беретін, ойды тиянақтап түратын екінші жай сөйлем басыңқы сөйлем деп аталады.

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-241
Әдістемелік өндөу	104 беттің 63 беті



Сабақтас құрмалас сөйлем мағынасына қарай төмендегіше бөлінеді:

Шартты бағыныңқылы іс-әрекеттің орындалу шартын білдіреді, -са, -се жүрнағы арқылы жасалады.

Қарсылықты сабақтас құрмалас сөйлемде бағыныңқы сөйлем басынқыдағы ойға қарама-қарсы мағыналық қатынаста болады. Мысалы, Май құйған шам сөнсө де, Шамшырақ сөнбес дүниеде. ([Жамбыл](#))

Себеп бағыныңқылы сабақтас;

Мысалы, Соны Ербол біліп қоймасын деп, Әзімбай әдейі ұн демеді. ([М.Әуезов](#))

Мезгіл бағыныңқы сөйлемде бағыныңқы сөйлем басынқыда айтылған ойдың мезгілін, мақсат сабақтас құрмалас сөйлем мақсатын,

қимыл-сын бағыныңқы іс-әрекеттің қалай жүзеге асқандығын білдіреді.

Салыстырма бағыныңқылы сөйлемде оқиға бір-біріне салыстырыла, тенденстіріле беріледі.

Мысалы, Басқалар қандай қуанса, ол да сондай қуанған еді ([Ә.Әбішев](#)).

**Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.**

**Жаңа тақырыпты бекіту: 10 мин.**

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

**Сабакты қорытындылау: 10 мин.**

## 5.6. Әдебиет.

### Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Қазақ тілі [Электронный ресурс] : техникалық және кәсіби білім беретін орта арнаулы оқу орындырының барлық мамандықтарына арналған оқу құралы / Е. Қ. Сәлім.
2. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
3. Сәлім, Е. Қ. Жоғары кәсіби қазақ тілі: оқу құралы. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 150 бет
4. Кәсіби қазақ тілі Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. , 2019 Кемелхан Д.Ж /ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-241
Әдістемелік өндөу	104 беттің 64 беті

5. Кесіби қазақ (орыс) тілі : Оқу-әдістемелік кешен . / Құраст. З.Қ. Молдахметова . - Қостанай: А. Байтурсынов атындағы ҚМУ, 2013. - 62 б . З.Қ. Молдахметова /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

6. Нығметова, Н.Т. т.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық . / Н.Т. Нығметова, Қ.С. Қалыбекова, Қ.Қ. Нұржанова. - Қарағанды: ҚарГМТУ, 2015. Нығметова, Н.Т

/РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

### Қосымша:

1. Кемелхан, Д. Ж. Кесіби қазақ тілі : оқу- әдістемелік құрал / Д. Ж. Кемелхан, А. Т. Абдуллабекова. - Караганды : АҚНҮР, 2016. - 155 бет.

2. Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz.

3..Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кесіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019 <https://aknurpress.kz/reader/web/1396>

4. Сәлім Е. Қ., Оразымбетова Ғ.Д. Жоғары кесіби қазақ тілі. (медициналық және фармацевтикалық фак-т студ. арналған).Оқу құралы. 201 <https://aknurpress.kz/reader/web/1101>

**Үйге тапсырма беру:** 5 мин.

**5.7. Бақылау:** Ауызша сұралқ- жауап

Вакцинаның шығу тарихы.

Вакцинаның түрлері, егілу жолдары.

### № 24 сабак

**5.1.Лексикалық тақырып:** Тері ауруларына қарсы дәрілер.

**Грамматикалық тақырып:** Төл сөз бен төлеу сөз. Төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібі.

**Сағат саны:** 2 сағат. 90 мин.

**5.2. Мақсаты:** : оқушыларға терінің маңызын, құрылышын, теріде болатын түктер мен шаштың ерекшелігі туралы айтып, теріде болатын аурулар, түрлері және оларды емдеудің ұлттық тәсілдерінен мағлұмматтар беру;

**5.3. Оқу мақсаттары:** білім алушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін терендете түсү.

**Үйымдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

**Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру:** 15 мин.

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 30 мин.

**5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:**

1. «Тері маңызы, құрылышы».

2. Терінің маңызы.

3. Терінің құрылышы.

4. Тері ауруларына қарсы дәрілер.

**5.5. Пәнді оқытудың соңы нәтижелеріне жету үшін оқытудың негізгі түрлері/әдістері/технологиялары:** бағыт беру

### Тері ауруларына қарсы дәрілер

Терінің ең көп тараган ауруларына брезеу, қышыма, теміреткі, қотыр және санырауқұлактар тудыратын аурулар жатады. Тері ауруларын қарайтын медицина бөлімі дерматология деп аталады. Тері ауруларымен айналысатын дәрігерді дерматолог деп атайды.

**Теміреткі** (грекше lichen – жұқпалы) – этиологиясы әртүрлі көптеген тері ауруларының жалпы атауы. Теміреткінің негізгі белгісі – денеде ұсақ түйіндер пайда болып,

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-241
Әдістемелік өндөу	104 беттің 65 беті

адам қатты қышынады. Теміреткімен барлық жастағы адамдар ауырады, әсіресе 40-60 жас аралығындағы әйелдерде жиі кездеседі. Дерптің дамуына әртүрлі инфекцияның түсі, организмде жүйке және иммунды жүйелердің бұзылуы, улану және аллергия жағдайлар әсер етеді. Теміреткі алғашқыда дененің кез келген жеріне қызарып, бөртпе болып шығады. Оның беті жылтыр, түйіннің (папуланың) ортасы ойыс, қызғылт күнгірт немесе алқызыл түсті, диаметр 2-3 см болады. Түйіннің жылтыр бетіне жарық түсірсе, оның реңі балауыз тәрізді екені анық көрінеді. Бірте-бірте түйіндер бір-бірімен қосылып, бетін ұсақ қабыршақтар жапқан, кішкентай қатпарлы табақшалар құрайды. Осы қатпарлы табақшалардың бетін өсімдік майымен сұрткенде терінің мүйізді қабатында ұсақ, ақшыл түсті нүктелерді және шырматылып жатқан өрмек торын көруге болады (Уикхем симптомы).

Дерт жазылып кеткеннен кейін де ауру ошағының орнында тұрақты гиперпигментация (пигменттің шамадан тыс бөлінуі) сақталып қалады. Ауру күшейгенде қышымаға айналып, науқас адам, әсіресе, түнде қатты қышынып, ұйықтай алмай мазасызданады. Теміреткі адамның қолтығы мен шабына, ауыздың кілегей қабатына, білегіне, білезік буындарына, санның ішкі жағына, балтырға жиі шығады. Жазылып кеткен теміреткі адам ашууланса, ренжісе, та жағдайларда қайта шығуы мүмкін. Емі: ең алдымен асқазан-ішек жолын, жүйке-психикалық жағдайын тексерістен өткізеді; диета сақтап, дәруменге бай тағамды жеу керек; транквилизаторлар, антидепрессанттар, антигистаминдер, вируска қарсы препараттар, иммунды модуляторлар қолданылады, тері қабынуын қайтаратын стероидты майларды (синофлан, лоринден, фторокорт, флюцинар) жағу қажет.

### ***Біле жүріңіз. Тері күтімі туралы қызықты мәлімет***

*Тері күйгенде көрсетілетін алгаиқы жәрдем.* Терінің куюі өртке, кейбір химиялық заттарға, күнге де байланысты. Терінің күйген жерін суық сумен шайып, марганцовканың әлсіз ерітіндісімен сұртеді. Егер күйген теріде құлдіреген көпіршік пайда болса, оны жаруға болмайды. Көпіршік жарылғаннан кейін ғана түрлі жақпамай жағып, тануға болады. Отес қатты күйген теріге таза таңғыш салып, емханаға жеткізу керек. Қышқылға күйген тері алдымен таза сумен, артынан екі пайыздық сода ерітіндісімен жуылады.

*Үсіген кезде көрсетілетін алгаиқы жәрдем.* Тері үсіген кезде теріде ақ дақтар пайда болады, тері ешнәрсені сезбейді. Мұрын құлақ, бет үсігенде жұмсақ матамен ептеп ысқылайды. Үсіген жерді қармен ысқылауга болмайды, өйткені қар түйіршектері үсіген теріні жарақаттап жіберуі мүмкін. Үсіген жердің сезімталдығы қалпына келмесе, тез арада дәрігерге қаралу қажет. Қолы немесе аяғы қатты үсіген адамды жылы бөлмеге жатқызып, үсіген жерді жылы затпен орап тастау керек. Үсіген жердің жайлап жылығаны пайдалы. Терісі үсіген адамға жылығатын сусындар ішкізу керек.

*Күн өткенде көрсетілетін алгаиқы көмек.* Ыстық күндері ұзақ серуенге шыққанда, ыстық орындарда ауыр қара жұмыс істегендеге күн өтуі мүмкін. Күн өткенде бас айналады, ауырады, көз қарауытады, кейде есінен танып қалуы мүмкін. Күн өткен адамның беті қызырады, тыныс алуы, жүректің соғуы жиіледі. Дене қызыы күрт көтеріліп, + 40°C жетуі мүмкін. Күн өткен адамды тез арада салқын жерге әкеліп, денесін қысып тұрған киімдерін шешеді. Басын жоғары жатқызып, мандайына, жүрек тұсына салқын орамал қояды. Егер

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-241
Әдістемелік өндеу	104 беттің 66 беті

ауру адам тыныс ала алмаса, жасанды жолмен демалдыру шараларын жасау керек. Құн өтпен үшін ыстықта бас киім

### Төл сөз бен төлеу сөз

Кейде сөйлеуші өз сөзінің ішінде басқа біреудің де сөзін, айтқан ойын келтіріп отырады. Сөйтіп, бір сөйлемнің ішінде екі адамның сөзі, пікірі, ойы қолданылады. Мысалы: Жұман көштің алдына түсіп алып: "Қайтсем Игіліктің жанына қаттырақ батырап екенмін", - деп келе жатыр еді (Ф.Мұсірепов). Бұл мысалда «Қайтсем Игіліктің жанына қаттырақ батырап екенмін» деген Жұманның сөзі өзгерілмесстен сөйлемнің ішіне енген. Міне, осындағы біреудің сөзін бұлжытпай, өзгеріссіз өз сөзінің ішінде берілуін **төл сөз** дейміз.

Сөйлеуші өз сөзінің ішінде басқа біреудің сөзін өзгертіп, жалпы мазмұнын ғана сақтап беруін **төлеу сөз** дейміз. Жоғарыдағы сөйлемді былай да құрауға болады: Жұман көштің алдына түсіп алып, қайтсе Игіліктің жанына қаттырақ батыруды айтып келе жатыр еді. Бұнда Жұманның сөзі өз аузынан шыққан калпында беріліп тұрған жоқ.

**Мысалы:** Амандық-саулық сұрасқаннан кейін, комисsar Мұхамедияров менің осы ротаға политрук болып тағайындалғанымды айтты (Ф.Мұсірепов) деген комисsar Мұхамедияровтың өзі сол күйінде емес, сөйлем ішінде мазмұны сақталып берілген.

Төл сөзді төлеу сөзге және көрісінше төлеу сөзді төл сөзге айналдыруға болады.

### Төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібі

Төл сөз бен автор сөзінің орналасу тәртібі торт түрлі болады:

1. Төл сөз автор сөзінен бұрын тұрады. Мысалы: "Дені сау кісіге қарап отыру қынғой", - деп Жамал даусын солғында шығарады. (Ф.Мұстафин).
2. Төл сөз автор сөзінен кейін тұрады. Мысалы: Жиренше сөз таба алмайғылыш қалды: "Ұят болды. Өзім де өкіндім". (М.Әуезов).
3. Төл сөз автор сөзінің ортасында тұрады. Мысалы: Келді де: "Абайшырағым, сені әкең шақырып жатыр", - деді. (М.Әуезов).
4. Төл сөз автор сөзінің екі жағында тұрып, автор сөзі төл сөздің ортасына орналасады: "Өз өлеңім емес, - деді мынау үлкендердің шамасын біраз қылжақ еткендей боп, - бағана кешке Шөжени көріп ем, соның өлеңі. (М.Әуезов).

(М.Әуезов).

Кейде төл сөз бен автор сөзінің көп құрамды құрделі түрі де кездеседі. Ол сабырлы, момын пішінмен: "Шүкірлік, әке, - деп біраз тұрды да: Ат барған сон, дәріс тәмам болмаса да, хазіреттің рұқсатын, фатихасын алып қайттым", - деді. (М.Әуезов). Төл сөз бен автор сөзі бір-бірінен арнаулы тыныс белгілері арқылы бөлінеді. Төл сөз әдетте тырнақшаға алынады да, төл сөз хабарлы сөйлем болса, үтір (сөйлем бітсе нұктесе), лепті сөйлем болса, леп белгісі, сұраулы сөйлем болса, сұрау белгісі қойылады. Төл сөздің алдында тұрған автор сөзінен кейін қос нұктесе қойылады да, төл сөзден кейін келген автор сөзінің алдынан сыйықша қойылады.

Оны схемамен былай көрсетуге болады:

1. «Төл сөз» - автор сөз
- 2 . Автор сөзі: «төл сөз»
3. Автор сөзі: «төл сөз» - автор сөзі
4. «Төл сөз» - автор сөзі - «төл сөз»

Кейде төл сөз тырнақшаға алынбай, сыйықшамен басталып жазылады.

Схемасы былай:

Автор сөзі - төл сөз, автор сөзі - төл сөз, - автор сөзі.

**Жаңа тақырыпты бекіту:** 10 мин.

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

**Сабакты қорытындылау:** 10 мин.

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-241
Әдістемелік өндөу	104 беттің 67 беті

## 5.6. Әдебиет.

### Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Қазақ тілі [Электронный ресурс] : техникалық және кәсіби білім беретін орта арнаулы оқу орындырының барлық мамандықтарына арналған оқу құралы / Е. Қ. Сәлім.
2. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
3. Сәлім, Е. Қ. Жоғары кәсіби қазақ тілі: оқу құралы. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 150 бет
4. Кәсіби қазақ тілі Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. , 2019 Кемелхан Д.Ж /ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>
5. Кәсіби қазақ (орыс) тілі : Оқу-әдістемелік кешен . / Құраст. З.Қ. Молдахметова . - Қостанай: А. Байтурсынов атындағы ҚМУ, 2013. - 62 б . З.Қ. Молдахметова /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
6. Нығметова, Н.Т. т.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық. / Н.Т. Нығметова, Қ.С. Қалыбекова, Қ.Қ. Нұржанова. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2015. Нығметова, Н.Т /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

### Қосымша:

1. Кемелхан, Д. Ж. Кәсіби қазақ тілі : оқу- әдістемелік құрал / Д. Ж. Кемелхан, А. Т. Абдуллабекова. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 155 бет.
- 2.Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz.
- 3..Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019 <https://aknurpress.kz/reader/web/1396>
- 4.Сәлім Е. Қ., Оразымбетова Ф.Д. Жоғары кәсіби қазақ тілі. (медициналық және фармацевтикалық фак-т студ. арналған).Оқу құралы. 201 <https://aknurpress.kz/reader/web/1101>

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

### 5.7. Бақылау: Ауызша сұрақ- жауап

- 1.Тері ауруларына қарсы дәрілерді атап шығыңыз
- 2.Төл сөз бен төлеу сөз дегеніміз не?
3. Төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібі

### № 25 сабак

#### 5.1. Лексикалық тақырып: Қызыу басатын дәрілер.

Грамматикалық тақырып: Тыныс белгілерінің емлесі.

Сағат саны: 2 сағат. 90 мин.

#### 5. 2. Мақсаты:

- тақырып бойынша терминдерді қолдануға машиқтандыру;
- өз бетінше жұмыс жасауға дағдыландыру;
- мемлекеттік тілге деген қызығушылығын арттыру.

**5.3. Оқыту мақсаттары:** Білім алушылардың тілдік корын молайту. Тақырыпқа кажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету.

**Үйымдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

**Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру:** 15 мин.

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 30 мин.

#### 5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

Қызыу төмендетін дәрілердің пайдасы.

Дене қызыуын басуға арналған дәрінің емі

Қызыу төмендететін дәрілердің ада ағзасына әсері

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-241
Әдістемелік өндөу	104 беттің 68 беті

2. Терминдерді жатқа айтып, сөздік минимумды тапсыру.

### 5.5. Оқу және оқытудың әдістері: пікір-талас

Пікір-талас – оқытушы тараپынан ұсынылған негізгі мәселелер төңірегінде пікір-таласқа қатысушылар жақтаушы не даттаушы болып екіге бөлініп, өзінің көзқарасын нақты мәліметтерді, дәйектемелерді көрсете отырып дәлелдейді. Өзінің қарсыласын жеңе алатындаі дәлелдер көлтіріп, сөз шеберлігін, қызуқандылық танытады. Пікір-таласты оқытушы бақылап, бағыт береді.

Пікір-таласта білім алушылар өзара екі топқа бөлінеді. Эр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

*I топтың тапсырмасы:*

*II топтың жұмысы:*

### Қызу басатын дәрілер.

Қызу төмендететін дәрілер- бұлар дene қызуын төмендететін шипалы заттар. Бұл заттар ағзаға екі түрлі әсер етеді:

- 1.Ағзадағы тотығу процесін бояулатып кемітетін дәрілер;
2. Жылу шығаратын орталық әрекетін бәсендетіп, ағзадағы ыстықты сыртқа шығаруды күштейтетін, яғни терідегі қан тамырларын кенітіп, денені терлететін ( фенацитин, антипирин, пирамидон, анальгин, салицил қышқыл натрий, аспирин т.б.) дәрілер. Қызу төмендететін дәрілер қабынк процесін баяулатып, орталық жүйке жүйесін тыныштандырып, дененің қызуын, ауруын тежейді. Дене қызуының көтерілуі кейде ағзаның ауруға қайтаратын жауабы болады. Мұндайда бұл дәрілер қызуды баса бермейді. Сондықтан кейде бұл дәрілердің бірнешеуін қосып береді. Мысалы, амидопирин мен фенацитин немесе анальгин мен фенацитин т.б. қоспалары қолданылады. Бал, таңқұрай да науқасты терлетеді, дene қызуын басады.

### Тыныс белгілерінің емлесі.

Тыныс белгілері (не пунктуация) - тіл білімінде жазуға тән шартты белгілер жүйесі.

Тыныс белгілері айтайын деген ойды нақтылы, дәл түсінікті етіп жеткізу үшін, сондай-ақ баяндалмақшы пікірді ала-құла етпей, айқын білдіру үшін қолданылады. Бұл - тыныс белгілерінің басты қасиеті.

Тыныс белгілері сөздер тіркесі мен сөйлемдерді айтқанда, немесе оқығанда тілде байқалатын кідірісті де, дауыста аңғарылатын әркелкі құбылысты да білдіреді. Бұл - тыныс белгілерінің қосымша қасиеті. Жазба тілде болсын, сондай-ақ ауызекі тілде болсын тыныс белгілерін дұрыс қолдана білудің үлкен мәні бар. Тыныс белгілері мүлде қойылмаған, немесе дұрыс қойылмаған мәтінді сөйлемді түсінікті етіп оқу да, мағынасын түсіне білу де қын. Тыныс белгілері дұрыс қойылмайтын сөйлемдерде ой күнгірттеніп, екі ұшты болып, тіпті сөйлем кұрамындағы сөздер синтаксистік қызметі жағынан (бастауыш, баяндауыш, анықтауыш т. б.) өзгеріске түсуі мүмкін. Мысалы: Бұл келген - сол Есіл бойындағы Қарасарт ауылының жиені, Жүсіп баласы Қожаш (С. Кебеев)

Бұл сөйлемде есімше тұлғалы келген соң сыйықша қойылmasa, келген сөзі бастауыш қызметін емес өзге мүше қызметін атқарған болар еді де, нәтижесінде сөйлемде берілетін ойға нұқсан келер еді.

**Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 15 мин.**

**Тапсырма 1. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз**

-Қызу төмендететін дәрілердің қандай пайдасы бар?

- Істықты төмендететіп, денені терлететін қандай дәрілерді білесіз?

- Қай кезде дәрілердің бірнешеуін қолданады?

- Дене қызуын басуға дәріден басқа қандай ем қолданылады?

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-241
Әдістемелік өндеу	104 беттің 69 беті

Қызу төмендететін дәрілер адам ағзасына қалай әсер етеді?

### Тапсырма 2.

Оң бағандағы етістіктер мен сол жақтағы сөздеден сөз тіркестерін құрыңыз

дене қызын	қолданылады
Жылу	төмендетеді
қан тамырларын	терлетеді
Денені	кеңітеді
Ауруды	басады
Қызуды	Тежейді
Қоспалар	Бөлінеді

**Тапсырма 3.** Мәтінді оқып, қазақ тіліне аударыңыз

Хорошее жаропонижающее средство: 1 столовую ложку сухого измельченного листа лопуха залить 1 стаканом кипятка, настаивать в закрытой посуде на кипящей бане 15 минут, охладить при комнатной температуре, процедить. Принимать по одной столовой ложке теплого настоя 4-6 раз в день после еды. При болях в горле этим настоем полоскать горло несколько раз в день.

**Жаңа тақырыпты бекіту:** 10 мин.

Білім алушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

**Сабакты қорытындылау:** 10 мин.

### 5.6. Әдебиет:

#### Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Қазақ тілі [Электронный ресурс] : техникалық және кәсіби білім беретін орта арнаулы оқу орындырының барлық мамандықтарына арналған оқу құралы / Е. Қ. Сәлім.
2. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
3. Сәлім, Е. Қ. Жоғары кәсіби қазақ тілі: оқу құралы. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 150 бет
4. Кәсіби қазақ тілі Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. , 2019 Кемелхан Д.Ж / ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/>
5. Кәсіби қазақ (орыс) тілі : Оқу-әдістемелік кешен . / Құраст. З.Қ. Молдахметова . - Қостанай: А. Байтурсынов атындағы ҚМУ, 2013. - 62 б . З.Қ. Молдахметова /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>
6. Нығметова, Н.Т. т.б. Қазақ тілі: Электрондық оқулық . / Н.Т. Нығметова, Қ.С. Қалыбекова, Қ.Қ. Нұржанова. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2015. Нығметова, Н.Т /РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

#### Қосымша:

1. Кемелхан, Д. Ж. Кәсіби қазақ тілі : оқу- әдістемелік құрал / Д. Ж. Кемелхан, А. Т. Абдуллабекова. - Караганды : АҚНҮР, 2016. - 155 бет.
- 2.Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz.
- 3..Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019 <https://aknurpress.kz/reader/web/1396>
- 4.Сәлім Е. Қ., Оразымбетова Ғ.Д. Жоғары кәсіби қазақ тілі. (медицинская және фармацевтикалық фак-т студ. арналған).Оқу құралы. 201 <https://aknurpress.kz/reader/web/1101>

**Үйге тапсырма беру:** 5 мин.

### 5.7. Бақылау: ауызша сұрақ-жауап

1. Қызу төмендететін дәрілердің қандай пайдасы бар?
2. Істықты төмендететіп, денені терлететін қандай дәрілерді білесіз?

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-241
Әдістемелік өндөу	104 беттің 70 беті

3. Дене қызының басуға дәріден басқа қандай ем қолданылады?
4. Қызы төмендететін дәрілер адам ағзасына қалай әсер етеді?

## № 26 сабак

**5.1. Лексикалық тақырып:** Улы шөптер

**Грамматикалық тақырып:** Тыйым мәнді сөйлем.

**Сағат саны:** 2 сағат 90 мин.

**5. 2. Мақсаты:**

- тақырып бойынша терминдерді қолдануға машиқтандыру;
- өз бетінше жұмыс жасауға дағдыландыру;
- мемлекеттік тілге деген қызығушылығын арттыру.

**5.3. Оқыту мақсаттары:** Білім алушылардың тілдік корын молайту. Тақырыпқа кажетті сөйлесім ұлғілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету.

**Үйымдастыру кезеңі:** 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

**Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру:** 15 мин.

**Жаңа сабакты түсіндіру:** 30 мин.

**5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1. Қазақстандағы улы өсімдіктер туралы.
2. Өсімдіктердегі улы заттардың саны мен сапасы.

**5.5. Оқу және оқытудың әдістері:** бағыт бағдар беру.

### Улы шөптер

Улы заттар көптеген өсімдіктерде болады. Қазақстанның ауа райы, өсімдік дүниесі мен жер қыртысы әр жерде әр түрлі болғандықтан, кездесетін өсімдіктердің түрі де көп, солардың ішінде улы өсімдіктер және улы екендігі әлі айқындалмаған өсімдіктер де бар. Осы уақытқа дейінгі улы өсімдіктердің және олардың ішінде кездесетін улы заттар зерттелуде. Өсімдіктерде немесе олардың бөлшектерінде улы заттардың саны мен сапасы әр түрлі болады, сондықтан әртүрлі өсімдіктердің қай бөлігінде қандай улы заттар болатынын, олардың мөлшері қанша және уландыратын қандай әсері бар екенін білуіміз қажет. Тағы бір есте болатын нарсе өсімдіктер өскен сайын оның ішіндегі заттарының саны да, сапасы да өзгеріп отырады. Осы жағдайлар сол улы өсімдіктердің өсу мерзімінде улылығын білуге мүмкіндік береді. Біз осы уақытқа дейін улы екенін білмей жүрген улы өсімдіктер аз емес. Уландырығыш әсерін білеміз деген кейбір улы өсімдіктердің өзінің улы әсері турасындағы мәліметтер әбден айқын емес, сондықтан олар жөнінде кейде асырып, кейде кемітіліп айтылып жүр.

Мәтін бойынша сөздік

Улы- ядовитый

сапа- качество

жер қыртысы- слой земли

саны – количество

**Білім алушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы:** 15 мин.

**Тапсырма 1.** Төмендегі сөз тіркестерін орыс тіліне аударыңыз:

Улы заттар, улы өсімдіктер, заттардың сапасы, улы заттардың саны, жер қыртысы, әр түрлі, өсімдіктердің түрі, заттардың саны мен сапасы, өсімдіктердің бөлігінде, уландыратын әсері, өсу мерзімі, улылығын білу.

**Тапсырма 2.** Сұрақтар бойынша жауап беріңіз

1. У қорғасынды сипаттап беріңіз

2. У қорғасынмен уланғанда қандай белгілер байқалады?

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-241
Әдістемелік өндөу	104 беттің 71 беті

3. Көп мөлшерде уланғанда неге әкелуі мүмкін?

